

– мақсатына жетеді; ә) ауыл әйелі- сайланады- оқиды- мақсатына жетеді. Екеуі екі түрлі формада дамығанымен, сюжеттік желі -бір. Қазақ әйелінің оқып мұратына жетуі. Яғни, бір сюжеттік желінің екі түрлі метафорлар арқылы берілуі. Мұны Фрейденберг синономиялық мотивтік құрылым деп көрсетеді.

Енді сюжетті кезектескен мотивтік желі ретінде қарастырғанда, біз оның Пропп классификациясы бойынша «жүйекұрушы» немесе «өзгермелі» екенін аңғара аламыз. Мысалға, ертегілердегі кейіпкердің жолға аттануы мен сол жолдан қайтып келуі бір мотивтің «өзгермелі» екі варианты болып табылады. Ал жолға шығу, қиын тапсырма, жеңіс, қайтып оралуы және мұратына жетуі сюжеттің «жүйекұрушы» мотивтік құрылымы болып табылады.[3, 123-125]

Қорытындылай келе, сюжеттік желіні әрекетке бастап отыратын, жағдаяттар мен оқиғаларды туындатып отыратын мотив екені белгілі болды. Мотив сюжет композицияға байланысты сөз формасында өзгергенімен, мағыналық тұрғысынан тұрақты. Егер сюжет мотивтердің кезектескен желісінен тұрады десек, егер мотивтердің мағынасы тұрақты болса, онда сюжет те тұрақты. Дәстүрде немесе белгілі бір жазушы шығармашылығында сюжеттік ұқсастықты дәлелдеу барысында мотивтердің ұқсастығын алға тарта аламыз. Сюжеттің мотивтік құрылымы шығарманың сюжеттік құрылымын терең зерттеуге мүмкіндік туғызады, оқиғалардың туындау себебін түсіндіріп береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Томашевский Б.Ф. Теория литературы. Поэтика. –М., 1987. - 345 б.
2. Пропп В.Я. Морфология сказки. – Л., 1928. – 125 б.
3. Фрейденберг О.М. Поэтика сюжета и жанра. - М.,1997. -225 б.

## ГОТИКА ЖАНРЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

*Жумагелдин Ж.Ш., филология магистрі,  
Исабек Н.Ж., студент  
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әдебиеттегі «готика» ұғымын қорқыныш, фантастика және шытырман оқиғалы шығарма жанры анықтайды. Алғашқы бұл жанрды ашушы болып ағылшын жазушысы Хорас Уоллал және оның романы «Отранто құлпы» болып есептеледі.

Бүгінгі күнде «готика» термині көптеген өнердегі, тарихтағы және мәдениеттегі бағыттарымен байланысты. Термин архитектура, әдебиет, кескіндеме және музыка салаларымен тікелей байланысты. Алайда, терминнің түпкі мағынасы, әрине, герман халқының «гот» сөзінен шыққан. Готтар көптеген туыстық жағдайда болғанымен, герман халқымен жаулас болған. Олар әр уақытта өздерінің көрші елдерімен қырғи-қабақ жағдайда болды, тек қана римдерге қарсы соғыста ғана одақтасты. Олардың атағы жайылған кезең 5 ғасырда, яғни батыс және шығыс готтар Римдіктерді жеңіп алғаннан кейін және Испанияның көп бөлігін жаулап алғаннан кейінгі кезең болды. [1, 113]

«Готика» терминінің тағы басқа мәнге ие болуына көптеген ғасырлар өтті. Орта ғасырларда қайта өрлеу дәуірінде классикалық мәдениеттің екінші тууы «готикалық» деп аталатын архитектуралық стиль дүниеге келді. Бірнеше ғасырлардан кейін бұл терминді авторлар көне ғимараттардың готикалық стилін және құпия тарихына байланысты романдар тегін атай бастады.

Готикалық роман 18 ғасырдың ортасында романтизм тұсында пайда болып, 19 ғасырда ерекше танымалдылыққа ие болды. Сол кездегі Англиядағы романдардың қатаң тәртіптегі стильдеріне қарсы реакция ретінде болды. Бірақ готикалық романдарды балаларға арналған романтизм деп қарауға болмайды. Оның тамыры ортағасырлық қорқынышты оқиғалардан, ел арасындағы сан алуан әңгімелерінен, наным-сенімдерінен бастау алады. Бұл бұрынғы айтылымдар қазіргі готикалық шығармаларда көрініс табады. Мысалы, Стивен Кинг немесе Энн Райстан көруге болады.

Бірінші готикалық шығарма 1764 жылы жарияланған Хорас Уоллалдың «Отранто құлпы» болып саналады. Автордың айтуынша, оны қазіргі, сонымен қатар ортағасырлық романдар қызықтарған. Алайда, екі жанрдан да олқылық байқап, сол кемшіліктерден өзінің романында түзеткісі келген. Оның айтуынша, ескі ортағасырлық романдар – тым қиялға берілген, ал қазіргі романдар – шындыққа жақын. Алайда, сынға қатты алынған бұл жанрды әдебиет принциптарына

қарама қайшы деп есептеді.

Сынға алынғанына қарамастан, готикалық романдар ерекше танымалдылыққа ие болды. Одан кейін неміс және француз әдебиетінде өрістей бастады. Готикалық романды Ресейде фантастика деп атады. Бұл жанр Пушкиннің «Пиковая Дама», Лермонтовтың «Герой нашего времени» және Гогольдың «Вий» сияқты шығармаларына арқау болған.

Готикалық романдардың негізгі белгілері әдебиеттегі романтизмде шекаралары шектеулі болды. Бұл ағымның жақсы дамуына қарамастан 18 ғасыр ортасында заманауи көзқарас тұрғысынан қатал қаралды. Готикалық романдардың авторлары ескерілмей қалған және қараңғы тақырыптарын қалыптасқан құрылымды қолайлы және рұқсат етілген әдістерді пайдалана отырып өзгертуге ат салысты. Қорқыныш, зорлық-зомбылық, құпия – барлық элементтер қосымша әдебиет құралдары. Готикалық романдар ағылшын әдебиетінде оқырманды шекараға баруға мәжбүрледі, сонымен қатар, көңіл күйге, қабылдауға бағытталғанымен, қатты эмоционалдық екпінге негізделді.

Сыншылардың пікірінше, готикалық романдар әлемнің құлдырауымен суреттелді. Бұл әлем оқырманға дәстүрлі романдардың элементтерімен берілгенімен, олар құрылымы жағынан әр түрлі болып келеді.

Готикалық шығармалардың басты кейіпкерлері архетиптер жиынтығын құрайды және олардың барлық шығармаларға тән құрылым үлгісін көрсетеді.

Басты кейіпкер негізінен жалғыз, ол өз еркімен немесе еркінен тыс қудалауда болады. Анти кейіпкер өздігінен не болмаса өз не өзгенің кінәсінен жасаған іс-әрекет нәтижесінде зұлымдықты бейнелейді. Шығарманың басты кейіпкері Жер бетінде адасқан өмір бойы қудалаудағы жаза тартқан жиһангер образын бейнелейді.

Готикалық романдардың сюжеті әлемнің құлдырауын бейнелейді. Жалғыздықтан шаршаған басты кейіпкер өтіріктен құралған зұлымдықпен бетпе-бет жиі келеді. Бұл кейіпкердің өзіне қарсы шығуына әкеліп соғады. Мысалы, М.Г.Льюисаның «Амбрисо, не Монах» протагонист - үлгілі испан монахы, өзінің жаның алуға жіберілген Матильдаға шырмаулы.

Негізгі тақырыптарына қарамастан готикалық жанр тылсым және қолжетімсіз болып келеді, олардың арасында романтизмнің бастысы байрондық кейіпкер – «артық адам» тақырыбы орын алған. Тек бір көзқарастан кейін тылсым кейіпкер барлық адамдар сияқты қорқыныш пен күмән сезімдерін сезінеді. Күнделікті кездесетін адам қорқыныштары готикалық әдебиетте ұлғая түседі.

Готикалық романдар өмір сүрген уақытында көптеген сынға ілінді. Әдебиеттегі қайраткерлер готикалық роман элементтерін жасырылған адам сезімдерімен байланыстырды. Жаңа ғасыр және психологизмнің шарықтауы адам сана сезімі мен готикалық элементтерді параллель қарастыруға қызмет етті.

Дэвис Морристің пікірінше, бұл жанр – готикалық роман – әдетте адамның жасырғысы келетін эмоциясын, қалауын және қорқынышынан шығуға жол сілтейді. Басты кейіпкердің тылсым зұлым күшпен күресі адамның жасырылған сезімдерімен шындық күресіне метафора болып табылады.

Ағылшындық готикалық романдар құпия құлпы, жер төлесімен, қараңғы орманымен сол уақыттың бірегей феноменін қалыптастырды. Әйелдердің готикалық әдебиетіндегі әйел жазушылар, оның ішінде Энн Рэдклиф, мэри Шелли және Шарлотта Бронте алғаш рет профессионалдық және қоғамдық мақсаттармен қоса сексуалдық ынтызарлықтарын көрсетуге шақырды. Готикалық романдардағы еркін стиль жыныстық иерархия, аталық құндылықтар және сексуалдық репрессия сияқты ағылшын қоғамындағы сұрақтарды көтеруге мүмкіндік берді. Дәл осы әйелдер готикасы әдебиетке «тылсымды түсіндіру» дегенді кіргізді. Осы тұрғыдағы жазылған шығармалар готикалық бола тұрғанмен, шындық өмірмен астасып жатты. [2, 16]

Виктория патшайымның таққа отыруымен Вальтер Скоттың тарихи романдардың кеңінен таралуы және жағымсыз пікірлердің әсерінен готикалық романдардың танымалдылығы түсе бастады. Алайда викториандық әдебиетті готикалық жанрдың қайта өрлеуі күтті.

Готикалық жанрда басты жаңашылдық деп Эдгар Поны айта аламыз. Жазушы жанрдың дәстүрлі элементтерімен қатар кейіпкерлер психологиясына көңіл бөлді. Жақсы сыншы ретінде танылған ПО готиканың жақсы жақтарымен қатар кемшіліктерін де білгендіктен басты назарды кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіне аударды. Эдгардың пікірінше, қорқыныш зерттеуге тұрарлық әдеби тақырып болатын.

Өзгерістер әйелдер романының готикасында да болды. Эмили Бронтенің «Найзағайлы асу»

романы қажетті элементтерді қамтиды: іс-әрекеттің қараңғы жерде өтуі, елестер мен байрондық Хитклиф бейнесіндегі кейіпкер. Бірақ романның бас кейіпкері жай ғана қамауда емес, ол патриархалды қоғам мен жыныстық кемсітушілікті басынан кешіреді. Әпкелі Бронте кейіпкерлері әйедер романының готикасына әлеуметтік астар әкелді.

Жанр сол кезеңге сәйкес Чарлз Диккенс тәрізді жазушыларға да өз әсерін тигізді. Ол готикалық романның бастауында «қалалық готкалық роман» ретінде тұрды. Оның шығармаларының беттерінде Лондон көшелері қорқыныш ұялатады. «Оливер Твист», «Зор үміттер», және «Суық үй» сынды романдар готиканы қалалар даңғылы мен көшелеріне әкеп соқты.

Диккенс ізін 19 ғасыр жазушылары жалғастырды. Викторияндық кезеңнің аяқталуымен готка екінші рет өмірге келді. Бұл Роберт Льюс Стивенсон («Доктор Джил иен мистер Хайдың ақылға қонбайтын оқиғалары»), Генри Джеймс («Винт бұрылысы») мен Оскар Уайлдтың («Дориан Грей портреті») арқасында жүзеге асты.

Готикалық жанрдың ең танымал антоганисті – граф Дракула – Грэм Стокер шығармасының беттерінде алғаш пайда болды. Стокер жазушылар назарын Трансильвания мен Батыс Еуропаға аударып, аталмыш жерлерді готкалық романдардың сүйікті мекеніне айналдырды. [2, 43]

Қазіргі фантаст және басқа жанрларда да қалам тартатын жазушылардың көбісі өз шығармаларында готка жанрының элементтерін қолданады. Эйн Райс шығармалары мысал бола алатын қорқынышты готикалық романдар 18 ғасыр мен қазіргі заманға тән әдеби түрдің еркіндігін сәйкестендіреді. Стивен Кинг пен Дафна ДЫЮ Морененің кейбір шығармалары готикалық болып саналады. Готиканы танымал ететін қансорғыштар жайлы оқиғалар. Сондай-ақ Нил Гейман, Терри Пратчета тіпті Дэн Браунның біршама шығармаларын готикалық жанрға жатқызуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 б.
2. Соловьева Н. А. История зарубежной литературы. Предромантизм. - М.: Академия, 2005. - 272 с.

## КӘМЕЛ ЖҮНІСТЕГІНІҢ «АРМАНЫМ ОТТАН ӨРЛІГЕН» АТТЫ ӨЛЕҢ КІТАБЫНДАҒЫ ЛИРИКА МӘСЕЛЕСІ

*Кәмели Ә.Ш., студент,  
Жетекшісі: ф.ғ.д, профессор Смағұлов Ж.Қ.,  
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Лирика, бұл сөзге үнілер болсақ, шындықты, қиялды, тапқырлықты адамның көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезімін астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарма десек болады. [1] Сонау сак, ғұн дәуірінен бастау алатын әдебиет тарихымыз осы уақытқа дейін тек гүлдеп, көркейіп, тамыры тереңге жайылып, қаншама ақын – жазушының бағы сыналуда. Ал біз көбіне прозаик ретінде танитын Кәмел Жүністегінің поэзиясы, дәлірек айтсақ лирикасы туралы не білеміз? Өз тағдырында талай шындықты бағындырған, қазағым деп жанын пиде етуге даяр жазушының алғаш әдебиетке мойын бұруы осы өлең жолынан басталды десек артық болмас. Алғаш өлеңін 15 жасында мектепте оқып жүріп, сол уақыттағы мектептің жағдайын сипаттай отыра,

Отырмыз әрең қалтырап,  
Қайтесің бізден хал сұрап?..

Бұрқыраған буымыз  
Жағаға қатып, жылтырап...

Қатып қапты сиямыз,  
Саусақты әрең жиямыз.

Башайлар да илікпес,  
Сонда да мектеп – ұямыз, [2, 5]

-деп, не де болса, болашақ алар білім үшін, оттың ыстығына күйіп, суығына жаурауға даяр екенін жырлайды. Мектеп кезінен оқытушыларынан тарих, әдебиет сабақтарында батырлар, хандар, жыраулар туралы ізденіп, ұстаздарымен сол кездері тыйым салынған ұлтшылдық хақында айтысқа